


Бекітемін: *Асақ*  
«Күншуақ» жекөменшік  
бөбекжай-бақшасы»  
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

# «ЖОЛ ТӘРТІБІН БІЛЕЙІК.»

(МАД «Алтын сақа» тобының полиция қызметкерлерімен кездесу)



Тәрбиеші: Жамишова Г

Орысбаева А

Таушық ауылы, 18.11.2024ж

**Ұйымдастырылған іс-әрекет:** Әлеумет., таным, қатынас.

**Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:** «Жол тәртібін білейік!» полиция қызметкерлерімен кездесу.

**ҰІӨ мақсаты:** 1. Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.

2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.

3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Бағдаршам, жол белгілері салынған суреттер, жолақ сызықты жол, буклет.



**ҰІӨ барысы:**

««Жол тәртібін білейік» !» атты тәрбие сағатын бастағалы отырмыз.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса солай жүріп бара жатқан көлікке жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып кету салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер көліктің дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулері жарақат алады. Ал кейбіреулері өмірлік мүгедек болып қалады. Сондықтан әрбір бала жол тәртібін білет тындап, әр ұйымдастырылған іс әрекетінен қорытынды жасап отыруға міндетті. Үлгілі, тәртіпті бала көшеде, жолда жүру ережесін, заңын бұзбайды.

**Жұмбақтар**

1. Көше бойлап аяңдайды,  
Адам тасып, аялайды. (Автобус)

2. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,  
Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)
3. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,  
Бақырайған үш козі бар бірақ та. (Бағдаршам)
4. Арқаным бар тым ұзын,  
Ала - алмайсың бір үзім.  
Табыңдаршы, балалар,  
Бұл жұмбақтың шешуін. (Жол)
5. Өзі сөйлей білмейді,  
Бірақ «Токта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)
6. Ала таяқ ұстаған,  
Жол тәртібін нұсқаған. (Полиция қызметкері)

**Тәрбиеші:** Ендеше бүгінгі біздің қонағымыз полиция қызметкерін ортаға шақырайық.

Бағдаршам өмірімізді жазымнан сақтандыратын көмекшіміз. Оның сырын біліп алу баршамызға керек.

- Біздің қаламызда, сол сияқты біздің еліміздің қала, ауылдарына бәріне ортақ көше қатынас ережесі енгізілген. Бұл ережені оқушылар да, үлкендер де, яғни барлық жүргізушілер, көлік жүргізетін жүргізушілер де бұлжытпай орындауы керек.

- Балалар, сендер көшеде жүру ережесін білесің дер ме екен, көрейік. Мынадай сұрақтарға жауап беріңдерші.

- Жиек жол деген не? (Адамдар жаяу жүретін көше жиегіндегі тар жол)

- Жаяу адамға қай жермен жүруге болмайды? (Көлік жүретін көшенің ортасымен жүруге рұқсат етілмейді).

### **Өлең шумақтары:**

#### **Айзере**

Жол жүрудің тәртібін,  
Ережесін білеміз.  
Сақтағанда қатерден  
Сау саламат жүреміз.

#### **Кәусар:**

Менің үш көзім бар,  
Бір көзім «кідір» дейді,  
Бір көзім «жүгір» дейді.  
Бір көзім «яабайла» дейді.  
Қарап қалма маңайға дейді.

**Асма:**

Көреген дәу қырағы,  
Көшемізде тұрады.  
Ол бергенде ққманда,  
Бағынамыз әманда!

**Досхан:**

Қызыл көзін ашқанда  
Сынық сүйем баспа алға,  
Сары көзін ашқанда,

Қарап қалма аспарға,  
Жасыл көзін ашқанда,  
Өте бергін жасқанба.

**Әбілмансұр:**

Ашса кезек үш көзін,  
Айтты деп үк үш сөзін.  
Тоқта! Сақта! Жол ашық!  
Жүрме жолға таласып.

**Тәрбиеші:** Балалар, біз әр белгінің не мақсатта қолданылатынын білдік. Бүгінгі сабағымызды қорыта келе «Бағдаршам» әнін айтайықшы. Деніміз сау, еліміз тыныш, жол тәртібін сақтап, аман - есен жүрелік.

Ирек - ирек көшелер,  
Көше деген мың ирек.  
Қиындыққа әйтсе де,  
Үйренесің біртіндеп.  
Барар жерге асықпа,  
Бәйге алмайсың бұрын кеп.

**Күтілетін нәтиже:**

**Түсінеді:** жол белгілері түрлерін ажыратады.



